



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

30 маусым 2021 жыл

### **KASE омнибус шоттарды пайдаланумен сауда-саттықтарды іске қосады**

2021 жылдың 01 шілдесінен бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) сауда-саттыққа қатысушыларға омнибус шоттарды пайдалану арқылы сауда-саттықты жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады. Жобаны іске қосу Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістердің арқасында мүмкін болды.

Омнибус шот – бұл ҚР Бағалы қағаздардың Орталық депозитарийінде ашылған қаржы құралдарын есепке алуға арналған шот, онда сауда-саттыққа қатысушы бірнеше клиенттердің активтерін есепке ала алады. Бұл шоттар әрбір клиент үшін жеке шот ашылатын Орталық депозитарийде брокерлердің клиенттік активтерін сегрегацияланған есепке алудың баламасы болып табылады.

Жоба брокерлік компаниялар мен олардың клиенттерінің жұмыс істеу ыңғайлылығын арттыру мақсатында іске қосылады. Омнибус шоттарды енгізу сауда-саттыққа қатысушыларға өз шығыстары мен клиенттердің шығыстарын оңтайландыруға, бағалы қағаздарды есепке алу және операцияларды тіркеу тәртібін оңайлатуға, сондай-ақ бағалы қағаздардың есебін халықаралық практикаға сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

KASE жаңа жобасының арқасында нарық қатысушылары қаржы құралдарымен және ақшамен операциялар санын қысқарту есебінен клирингтік ұйыммен есеп айырысу жүргізу кезінде транзакциялық шығындарды азайта алады.

Омнибус шоттар бойынша мәмілелер жасасудың ерекшелігі, соның атынан омнибус шоттан өтінім берілетін, клиенттің кодын Биржаға беру міндеттілігі болады.

KASE Орталық депозитарийден алынған клиенттердің кодтары бойынша мәліметтер негізінде бір клиенттің қарсылама өтінімдері бойынша мәмілелер жасасу мүмкіндігін болдырмау мақсатында өтінімдердің кросстығын тексеруді жүзеге асыра алады.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымға ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).